

СӨЖ

Тақырыбы: Төлеген Айбергенов поэзиясы

Орындаған: Жолдығалиева Айнұр

Тексерген: Керімбекова Баян

-
- Бір тойым болатыны сөзсіз менің,
 - Дәл қай күні екенін айта алмаймын.
 - Бірақ... бірақ...
 - Ешкімді де билетпей қайтармаймын.



Төлеген Айбергеноұлы Айбергенов (1937-1967)

- 3 наурызда Қарақалпақстанның Қоңырат ауданында туған. Ташкент педагогикалық институтын бітірген (1959).
 - 1959-1962 жж. Қоңырат ауданындағы орта мектепте мұғалім
 - 1962- 1965 жж. Шымкент облысының Сарыағаш ауданындағы кешкі жастар мектебінде директор
 - 1965 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы әдебиетті насихаттау бюросында қызмет істеді
 - Өлеңдері республикалық баспасөзде 1957 жылдан жарияланды
 - Туған жерге деген албырт сағыныш пен мөлдір махаббатқа толы бір топ өлеңдері 1961 жылы шыққан «Жас дәурен» атты ұжымдық жинақта басылды.
-



Қазақ поэзиясына өзіндік жаңа ырғақ,
тегеурінді екпін әкелген поэтикалық жыр
кітаптары:

- «Арман сапары» (1963)
- «Өмірге саяхат» (1965)
- «Құмдағы мұнаралар» (1968)
- «Мен саған ғашық едім» (1970)
- «Аманат» (1975)
- «Бір тойым бар» (1981)
- Балаларға арналған «Бақшаға саяхат» суреткітапшасы
(1985) жарық көрді.

Сондайақ орыс тілінде «Мир созвездия» (1987) деген атпен таңдамалы өлеңдері аударылып басылды.

□ «Ақерке Жайық»

«Жаңғырған Маңғыстау»

□ «Қазақстан»

«Сені ойладым»

□ «Мені ойла»

«Ақ қайыңдар»

□ «Бір тойым бар», т.б. өлеңдеріне жазылған әндер ел арасына кеңінен танымал.



• СЕНІ ОЙЛАДЫМ

Мен сені жаным сезімді,
Ой толғағанда ойладым.
Айтайын деген сөзімді,
Айта алмағанда ойладым.
Жан сырын жанар түбіне,
Қымтап алғанда ойладым.
Сыйлауға туған күніңе,
Гүл таппағанда ойладым.
Қанатын ару залдарда,
Вальс қаққанда ойладым.
Кемелер тартып таңда алға,
Алысқа аққанда ойладым.
Ойладым сені кезде мен,
Ормандар нөсер тілеген.
Дүниеге ғашық көзбенен,
Көк аспан болып түнеген.
Келеміз тартып өрлерге,
Жолдармен түйіспейтұғын.
Сондықтан менің көргенде,
Сенімен сүйіспейтінім

• Мені ойла

Тағатсіз күткен ыстық үн

АЛМАТЫҒА

*Жүрегіме жақын сенің есімің,
Әке десем, анам десем несі мін.
Жарқыраған көк тасында көшеңнің
Ізі қалған Сәкен бәтеңкесінің.
Жамбыл жыры аспаныңда жаңғырып,
Әуеніне кетті әлемді таң қылып.
Алатаудың ақ шыңдары Күләшша,
Күләш әнін қайталайды мәңгілік.
Жасыл барқыт жапырағы бақтардың,
Саяңда жүр құрбылары Саттардың.
Осындағы талай залдар куәсі
Иса еліне жыр тыңдатқан шақтардың.
Беу, Алматым, тұра алам ба сүйе алмай,
Келемін мен, келемін мен қиялдай.
Жас қаламым дірілдейді қиналып,
Сен жайлы жыр ақ қағазға құя алмай..*



Адамдар

*О, адамдар, біргемін мен сендермен,
Ықыласыңа еш нәрсені теңгермен.
Сендер менің бақытымның бұлағы,
Сендер менің дарыныма жел берген.
Өздеріңмен өмір шыңын бірге астым,
Жарты құртты бөліп жедім, сырластым.
Дүниеге келгенім жоқ шет жүріп,
Рақатын ойлау үшін бір бастың.
Гүлстанға айналдырған тақырды,
Болат қолдар, алғыр милар ақылды,
Сүйемін мен, сүйемін мен сендерді
Алар демім қалғанынша ақырғы.
Менің үшін бірдей тілің, жынысың,
Көбің ана, көбің аға-інісің.
Достық өскен, ерлік өскен ортаңа
Енген сайын кеңі түсер тынысым.*

Не кездессе өздеріңмен көрмекпін